

᠑ᠶᠠᠮᠡᠮᠡ

البيبي^ء

البيبي

ӘЛІПБИ

Älɪpbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDA+7

Алматы
2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Египет иероглифтік жазуы б.з.д. 4 мыңжылдықтың орта тұсында пайда болған. Алғаш сурет-кескіндермен, иероглифтік (идеограф.) таңбалармен бейнеленді. Мысыр жазуында әрбір суреттің, таңбаның өзіндік мағыналары болды. Таңбалар саны 5 мыңға жуық болғанмен, оның ішінде 700-800 таңба ғана қолданылды. Мысыр жазуының құпиясын француз ғалымы Франсуа Шампольон ашты. Египет иероглифтері негізгі екі таңба тобына бөлінеді: дыбыстық таңбалар (фонограммалар) және мағыналық таңбалар (идеограммалар). Е.ж. сөздерді немесе сөйлемдерді ажыратушы тыныс белгілері болмаған. Каллиграфиялық таңбаларды тікбұрыш немесе төртбұрыш жасау арқылы симметриямен аралықсыз орналастыруға тырысқан. Қазіргі таңда көне Египет иероглифтерінің бірыңғай жіктелімі жоқ. Уақыт өткен сайын жаңа иероглифтер немесе олардың жаңа фонетикалық мағыналары табылуда.

Ежелгі Перм әліпбиі – XIV-XVII ғасырларда коми-зырян және коми-перм тілдерінің жазуы үшін пайдаланылған әліпби жазуы. Вычегда ағысының Вымь өзені бассейны аумағында 1372 жылы уағыздаушы және ағартушы коми Стефан Перм кирил, грек әліпбиі мен ежелгі руна символдары (пастар) негізінде құрған. Стефан құрған әліпби. Ол әліпбидің алғашқы екі әрпі (ан және бур) бойынша аталған. Кей кездері орыс тілі үшін құпия жазу ретінде пайдаланылған. Кирилмен ығыстырылып, XVII ғасырда қолданыстан шығып қалған. Әліппе 38 әріптен тұрады. Кішкентай және бас әріптерге бөлу жоқ. Жазылу бағыты – солдан оңға қарай, жолдар жоғарыдан төмен қарай. Диакритикалық таңбалар пайдаланылады, стандартты қысқартулар үшін – титло. П.ә. таңбалары айтарлықтай бірдей және сол немесе өзге орналасу жағдайына қарай өткір бұрыш түрінде бір типтес болып келеді, бұл оны жарты сөздер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

«Емле мәселесі» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 7-8 мамырдағы сандарында жарияланған мақаласы. Мақалада қазақ жазуының дыбыстық жүйесі және оның негізгі ережелері сипатталған. Атап айтқанда, айтылым мен жазылымның ерекшеліктері, түбірге қосымшалардың жалғануы, шылаулардың жазылуы, етістікке жалғанатын жұрнақтардың жазылуы, бірге және бөлек жазу ережелері сияқты мәселелер туралы нақты мысалдар жүзінде талдаулар берілген. Мақалада «сүзілме дыбыс» авторлық термині қолданылған. Еңбектің қазақ тілінің емле, ережелерін дайындау мен қалыптастыруда ғылыми маңызы бар.

Емле негізі – емле ұстанымдары. А.Байтұрсынұлы 4 түрлі емле негізін: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай) сипаттай келіп: «Емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс», – деп қорытады.

«Емле сөздігі» – М.Балақаевтың бастауыш, жеті жылдық және орта мектептерге арналған сөздігі. Сөздікке әртүрлі жазылып жүрген және жазылуы қиын қазақ сөздері енген. Кейбір әріптердің, қосымшалардың, түбір сөздердің, терминдердің жазылуы және қос сөздердің, біріккен сөздердің, шылаулардың, қысқарған сөздердің, сан есімдердің, жалқы есімдердің емлесі берілген.